

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
С.Мәуленов атындағы гимназиясы» КММ

**2025-2026 оқу жылының ІІІ тоқсанда өткізілген
«Шаңырақ» жобасы бойынша есеп**

2025–2026 оқу жылында «Адал азамат» «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында, ата-аналарды қолдау орталығының жұмысын жетілдіру, отбасы мен мектеп арасындағы байланысты нығайту, сондай-ақ оқушылармен тығыз әрі сенімді қарым-қатынас орнату мақсатында «Шаңырақ» жобасы жүйелі түрде жүзеге асырылды.

Жобаның негізгі мақсаты – оқушылардың бойында ұлттық және отбасылық құндылықтарды қалыптастыру, ата-анаға деген құрмет пен жауапкершілікті арттыру, тұлғалық және психологиялық дамуына қолдау көрсету, сондай-ақ салауатты және қауіпсіз өмір салтын насихаттау болып табылады.

3-тоқсан барысында 8-сынып оқушыларымен жоспарға сәйкес әртүрлі бағыттағы тәрбие сағаттары, психологиялық сабақтар, тренингтер мен пікірталас форматындағы іс-шаралар өткізілді.

Атап айтқанда, келесі тақырыптар қамтылды:

«Әке мен бала», «Салауатты өмір салты отбасында», «Тоқта, сақтан, жол ашық!» (жолда жүру ережелері), «Тарихи-өлкетану мұражайы», «Біздің тату отбасы», «Мейіріммен тәрбиелейік», «Тәрбие құпиясы», «Отбасымызбен бірге көңіл көтереміз», «Әке, ана, мен – сау отбасы», «Табиғатты аялайық», «Отбасылық өмірге заманауи жастардың өнегелік-психологиялық дайындығы», «Жыныстық айырмашылық проблемалары және отбасылық қарым-қатынастар», «Болашақ серігін таңдау», «Отбасының қызметтік-рөлдік құрылымы», «Туысқандық қарым-қатынастар», «Отбасында тату және келісім рухында тәрбиелеу», «Отбасы бірлігі», «Менің байлығым – менің шаңырағым», «Отбасы мен үшін бірінші орында ма?».

Өткізілген сабақтар барысында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру мақсатында түрлі әдіс-тәсілдер қолданылды: топтық жұмыс, тренингтік жаттығулар, ситуациялық тапсырмалар, рөлдік ойындар, ашық пікірталастар және рефлексия. Бұл тәсілдер оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырып, өз ойларын еркін әрі ашық жеткізуіне мүмкіндік берді.

Отбасылық құндылықтарға бағытталған тақырыптарда («Әке мен бала», «Біздің тату отбасы», «Отбасы бірлігі», «Менің байлығым – менің шаңырағым») оқушылар отбасының адам өміріндегі маңызын түсініп, ата-анаға деген құрмет, сүйіспеншілік және жауапкершілік сезімдерін тереңірек ұғына бастады. Көптеген оқушылар өз отбасылары туралы жағымды пікірлерін білдіріп, өмірлік тәжірибелерімен бөлісті.

Салауатты өмір салтына арналған сабақтарда («Салауатты өмір салты отбасында», «Әке, ана, мен – сау отбасы») денсаулықтың негізгі кепілі – дұрыс тәрбие мен отбасылық үлгі екендігі түсіндірілді. Оқушылар зиянды әдеттердің алдын алу, дұрыс тамақтану, белсенді өмір салтын ұстану туралы маңызды ақпараттар алды.

Қауіпсіздік бағыты бойынша өткізілген «Тоқта, сақтан, жол ашық!» тақырыбындағы сабақтарда оқушылардың жолда жүру ережелері туралы білімдері жүйеленіп, өмірлік маңызы бар дағдылар қалыптастырылды.

Психологиялық бағыттағы сабақтар ерекше назар аударуды талап ететін маңызды тақырыптарды қамтыды. Атап айтқанда, «Отбасылық өмірге дайындық», «Жыныстық айырмашылық мәселелері», «Болашақ серігін таңдау» тақырыптары оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай, қарапайым әрі түсінікті тілде жүргізілді. Бұл сабақтар оқушылардың өзін-өзі тануына, жеке шекарасын түсінуіне, болашаққа саналы көзқарас қалыптастыруына ықпал етті.

Сонымен қатар «Табиғатты аялайық» тақырыбы арқылы оқушылардың экологиялық мәдениеті қалыптастырылып, табиғатқа деген жауапкершілік сезімі арттырылды.

Жалпы, 3-тоқсан барысында өткізілген жұмыстардың нәтижесінде оқушылардың:

- ✓ отбасыға деген көзқарасы оң бағытта қалыптасты;
- ✓ қарым-қатынас мәдениеті жақсарды;
- ✓ өзін-өзі тану деңгейі артты;
- ✓ әлеуметтік және психологиялық дағдылары дамыды.

Оқушылардың сабақтарға қатысу белсенділігі жоғары деңгейде болды. Көпшілігі топтық жұмыстарға белсене қатысып, өз пікірлерін ашық білдірді. Кейбір оқушыларда бастапқыда тұйықтық байқалғанымен, жүйелі жұмыстар нәтижесінде олардың белсенділігі артқаны байқалды.

Қорытынды:

3-тоқсанда «Шаңырақ» жобасы аясында жүргізілген тәрбие және психологиялық жұмыстар жоспарға сәйкес толық орындалды. Қойылған мақсаттар мен міндеттер жүзеге асырылып, оқушылардың тұлғалық дамуына, отбасы құндылықтарын түсінуіне және әлеуметтік бейімделуіне оң әсерін тигізді.

Ұсыныстар:

- ✓ Отбасы және құндылықтарға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру;
- ✓ Ата-аналардың қатысуымен бірлескен іс-шаралар санын арттыру;
- ✓ Психологиялық тренингтер мен жеке консультацияларды күшейту;
- ✓ Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, тақырыптарды тереңдету;
- ✓ Қиындықтары бар оқушылармен жеке жұмыстарды жалғастыру.



Педагог-психолог: Ниязбекова Г.Т.